



5 | СЕМИНАР



17.02.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледж қызметкерлерімен «Этика және деонтология» тақырыбында семинар өтті. Семинарда №1 жалпы-кәсіптік пәндер циклдік-әдістемелік комиссия төрайымы «Анатомия және

физиология» пәнінің оқытушысы, педагог-модератор Назар Динара Қыстаубайқызы баяндама жасап, этика және деонтологияның маңыздылығына ерекше тоқталып өтті. Семинардың мақсаты: қызметкерлердің этика туралы білімін дамыту. Семинарға 57 қызметкер қатысып, спикерге сұрақ қойып, өз ой-пікірлерін білдірді. Семинар пікірталас түрінде өтті.

6 | ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

26.02.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде әдістемелік кеңестің кезекті отырысы өткізілді.



Күн тәртібінде:

1. ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы. Жаңа енгізілген ережелермен таныстыру және «Ұстаз» педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасына деректерді жинау және өндеуді рәсімдеу.

Жауапты: Коконбаева А.К.

2. Барлық мамандықтар бойынша облыс мектептерінде кәсіптік бағыт беру жұмыстарын жүргізу, түлектердің жұмыспен қамтылуының сараптамасы.

Жауапты: Артықова Л.А.

3. Озық педагогикалық іс тәжірибемен бөлісу. Дайындық жұмыстары. Жауапты: Ахметова У.М., Сагиндикова Б.А.

4. Әртүрлі

7 | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУ

17.02.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Фармация» мамандығы бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктің жоспарына сәйкес «Фармация» мамандығы бойынша фармацевтикалық пәндер оқытушылары арасында «Фармакология пәнінен тәжірибелік сабақтың үздік әдістемелік талдауы» атты республикалық байқауы өткізілді.

Байқаудың мақсаты:

-білім беру ұйымдарында тәжірибелік сабақтарды өткізудің үздік әдістемелік талдауларын, жаратылыстану-ғылыми білім берудегі жаңа тәсілдерді, креативті идеялар мен тұжырымдамаларды одан әрі

тарату және білім беру жүйесіне енгізу үшін анықтау, педагог қызметкерлерінің құзыреттілігін жоғарылату арқылы білім беру ұйымдарының, білім берудің жоғары сапасына қол жеткізу.

– фармацевтикалық пәндер оқытушылары арасында педагогикалық тәжірибе алмасу.

Байқаудың әділ-қазылары:

Әділ қазылар алқасы төрайымы: Сарыбекова Жамиля Нургалиевна – «Жамбыл жоғары медициналық колледжінің» ШЖҚ КМК директоры.

Әділ қазылар мүшелері:

1. Куанышбекова Ляззат Тураровна – директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

2. Андакулова Куралай Тлеулесовна – директордың оқу-тәжірибе ісі жөніндегі орынбасары.

3. Мейрманова Ляззат Касеналиевна – оқу-әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

4. Ахметова Улбосын Молдахановна – фармацевтикалық пәндер оқытушысы.

Есептеу комиссия төрайымы:

1. Мураталиева Нуржамал Мухтаровна – білім сапасы және мониторинг бөлімінің меңгерушісі.

Байқауға Қазақстанның медициналық колледждерінен 23 оқытушы қатысты.

Байқау қорытындысы бойынша:

I дәрежелі диплом: 1. Анарбекова Меруерт Байдилдаевна, 2. Ербасова Айсулу Амантаевна – Шымкент қаласының ДСБ ШЖҚ «Жоғары медицина колледжі» МКК., 3. Григоренко Анжела Георгиевна – ШЖҚ «Павлодар медициналық жоғары колледжі» МКК.

II дәрежелі диплом: 1. Кленина Татьяна Викторовна – Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» МКК, 2. Серкебаева Айгуль Кумекбаевна, Нурбаева Рабига Тилеубековна – «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ МКК, 3. Букебаева Гулнарижан Маратбековна, Әбілхайырова Алуа Есенғалиқызы – ШЖҚ «Түркістан жоғары медицина колледжі» МКК.

III дәрежелі диплом: 1. Титаренко Наталья Александровна – «Теміртау жоғары медициналық колледжі» жеке меншік мекемесі, 2. Исмагулова Тамара Максutowна – «Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі» ЖШС, 3. Максymbaева Назым Нурлановна, Байділда Назерке Түлкібаевна – ШЖҚ «Республикалық жоғары медициналық колледжі» Алматы қаласы.

Жүлделі орындарға ие болған қатысушылар Жамбыл жоғары медициналық колледжінің директоры Ж.Н. Сарыбекованың атынан дипломдармен марапатталды, қалған қатысушыларға сертификаттар табысталды.



ҚҰТТЫҚТАУ!

Колледж оқытушылары мен студенттердің жетістігі.

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

ТӘРБИЕ САҒАТЫ

«Лудомания - қауіпті құбылыс» тақырыбында колледж оқытушылары кураторлық тәрбие сағаттарын өткізді.

01

КЕЗДЕСУ

«Ауған жауынгерлері - елдің ерлері» тақырыбында кездесу өтті.

02

ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫ

Үйірме жұмысының кезекті отырысы өткізілді.

03

АШЫҚ САБАҚ

Колледж оқытушыларының ашық сабақтары.

04

СЕМИНАР

«Этика және деонтология» тақырыбында колледж қызметкерлерімен семинар өткізілді.

05

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

Әдістемелік кеңестің кезекті отырысы.

06

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУ

«Фармакология пәнінен тәжірибелік сабақтың үздік әдістемелік талдауы» атты республикалық байқауы.

07

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА

Латын тілінен «Латын- тілдер патшайымы» атты республикалық олимпиада.

08

09





1 | ТӘРБИЕ САҒАТЫ



05.02.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде, «Лудомания - қоғам кеселі» тақырыбында І курс студенттеріне бейне фильм көрсетілді.

Мақсаты: лудомания не екенін түсіндіру және оның қоғамға тигізетін зиянын көрсету. Лудомания - қазіргі

қоғам үшін маңызды әрі өзекті мәселе. Құмар ойындардан туындаған тәуелділік адам өмірін тек қана жеке тұрғыдан емес, әлеуметтік тұрғыдан қиратуы мүмкін. Сондықтан, бұл мәселені алдын - алу, ақпараттандыру және қоғамды сауықтыру қажет.

Қатысқандар: "Емдеу ісі", "Мейіргер ісі" І курс студенттері, бөлім меңгерушісі Калымбетова Ж.Б., колледж психологтары, әлеуметтік педагог Буксукбаева А.А.

06.02.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде 215 ЕФ-9/23 топ, 228 ЕФ 11/23, 17ЕФ-9/22 топ «Емдеу ісі», 141ҚБ-11/24 топ «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» бөлімдері студенттерімен «Лудомания - қауіпті құбылыс» тақырыбында колледж оқытушылары кураторлық тәрбие сағаттарын өткізді.

Мақсаты :студенттердің құмар ойындарының адам психикасына зиянды әсері туралы түсініктерін кеңейту. Студенттерде бар мәселені саналы түрде түсінуді дамыту. Құмар ойындарға теріс көзқарасты қалыптастыру. Салауатты өмір салтына оң көзқарасты тәрбиелеу. Өзін-өзі тануға, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі бағалауды арттыруға, өзін-өзі тәрбиелеуге ынталандыру. Жауапты кураторлар: Қоқанова А.Ж., Батырбайқызы Ж.,Бейсенбек Ш.Ж., Реймбаева С.М.



22.02.2025 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Бала тәрбиесі баршамызға ортақ!» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында лудомания, нашақорлықтың, ерте жүктіліктің алдын алу туралы көрініс көрсетіліп, ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлі өте зор екендігі түсіндірілді.

06.02.2025 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Балауса» қыздар клубы мен Жастар Денсаулық орталығының мамандарымен «Репродуктивті денсаулықты қорғау» тақырыбында студенттерге дәріс өткізілді. ЖДО гинекологы: А.Б.Рүстемова, психолог: А.Т.Жаркимбекова.

Жауапты: А.Н.Өскенбаева.



Сондай-ақ колледж психологтары «Мейірімді жүрек-әдемі» атты психологиялық айлықтың аясында тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Армандар күні» тақырыбында картотека ұйымдастырылды.

Мақсаты: арманыңызға сеніп, мақсатқа айналдырып, іске асыру.

2 | КЕЗДЕСУ

05.02.2024 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде Жамбыл облысы әкімдігінің ақпарат және қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен «Қыз баласының репродуктивті денсаулығы» және «Ерте жүктіліктің алдын алу» атты студент қыздармен кездесу өткізілді. Мақсаты – қыздардың репродуктивті жүйесін қорғау, өз денсаулығына ұқыпты қарау тақырыбында жан-жақты баяндап, жыныстық жетілу кезеңінде қыздардың ағзасында орын алатын өзгерістер туралы кәсіби түсіндіру.Кездесу барысында «Жастар ресурстық орталығы» КММ-сінің психолог маманы Н. Үсенқызы және «ZHANUYA» емханасының акушер-гинеколог маманы М.Т. Касымова түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, жастардың қойған сұрақтарына жауап берді.



6.02.2025 ж. Жамбыл облысы әкімдігінің Ақпарат және қоғамдық даму басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» КММ ұйымдастырған іс-шара аясында сайлау құқығына ие жастармен кездесу өтті.

Бұл маңызды жиынның бір бөлігі ретінде «Жамбыл жоғары медициналық колледжінің» 5 белсенді студенті зияткерлік ойында өз білімдерін сынап, үздік нәтиже көрсетіп, алғыс хатқа ие

болды!

Біздің студенттеріміз белсенді азамат ретінде еліміздің болашағы үшін маңызды шешімдер қабылдауға дайын екенін көрсетті. Демек, білімді, саналы жастар – әділетті қоғамның кепілі!

2.02.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 36 жыл толуына орай батыр ардагерлермен «Ауған жауынгерлері - елдің ерлері» тақырыбында кездесу өтті.

Бұл күн – тарихтың ұмытылмас беттерінің бірі. Отан алдындағы адалдықтың, ерлік пен батырлықтың айғағы. Студенттеріміз жүрек тебірентер көріністер көрсетіп, патриоттық әндер шырықп, ардагерлермен сұхбаттасып, сол бір қиын жылдардың куәгерлерінің естеліктерін тыңдады.

Ауған соғысының қаһармандары – ерлік пен рухтың символы. Олардың батылдығы, қайсарлығы бізге мәңгілік үлгі.

Кездесуге келген қонақтар:Жамбыл облысы және Тараз қаласы ауған соғысы ардагерлерімен мүгедектер одағының төрағасы, ҚР “Құрмет” ордені иегері - Ермаков Дүкенбай Сайлаубекұлы. Ауған соғысының ардагерлері:

Арғынбаева Анар Амангелдіқызы, Сенбиев Нұрбақыт Онланбекұлы, Естайбеков Нұрғали Қорғантайұлы, Акжигитов Ерболат Амантайұлы.

3 | ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫ



11.02.25 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Шипагер» үйірмесі «Энергетикалық сусындардың адамның жүйке жүйесіне әсері» тақырыбында Жамбыл облыстық көпбейінді балалар ауруханасының нейрохирург Байматов Мирсайд Миродилович дәрігері мен үйірме студенттері

арасында кездесу өткізілді.

Кездесудің мақсаты: энергетикалық сусындардың құрамындағы негізгі компоненттердің жүйке жүйесіне әсерін зерттеу. Энергетикалық сусындардың ұзақ мерзімді қолданудың жүйке жүйесіне тигізетін әсерін анықтау. Жүйке жүйесінің күйін объективті бағалау үшін ғылыми әдістерді қолдану. Энергетикалық сусындардың тәуелділік тудыру қабілетін анықтау. Энергетикалық сусындарды тұтынудың алдын алу шараларын ұсыну.

Жауапты: «Шипагер» үйірмесінің жетекшісі:

Сыдыман Ә.О.

4 | АШЫҚ САБАҚ



11.02.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің №1 жалпы кәсіптік пәндер циклдық әдістемелік комиссиясы оқытушысы Мұрат Д.Т. «Анатомия және физиология» пәнінен 223 ЕФ-9/23 тобымен «Сыртқа шығару жүйесінің анатомиясы мен физиологиясы» тақырыбында сынамалы ашық

сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты: студенттерге сыртқа шығару жүйесі ағзаларының жалпы құрылыс жоспарын, қызметтерін, зерттеу әдістерін, зәрдің құрамы мен қасиеттерін, нефрон мен сыртқа шығару жүйесіне жататын мүшелердің құрылысын, физиологиялық негіздерін түсіндіру. Бүйрек, несепағар, қуық, қуық асты безі, зәр шығару түтігі мен өзегінің құрылысы және қызметтерімен таныстыру. Студенттердің жеке бас гигиенасын сақтау, ұқыптылыққа, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.



технологиясы» тақырыбында «Фармация» бөлімінің 233 тобымен сынамалы сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты: студенттерді жақпа майлардың негізгі түрлерімен, олардың негіздерімен, гомогенді және гетерогенді жақпа майлар дайындау технологиясымен таныстыру. Жақпа майлар дайындау үшін компоненттерді, олардың физика-химиялық қасиеттері мен емдік әсеріне қарай дұрыс таңдауға, дәрілік формаларға рецепт жазу дағдыларына үйрету. Бұл сабақ студенттердің дәрілік түрлерді дайындау технологиясы туралы заманауи идеялар саласындағы білімдерін кеңейтуге ықпал етті.

19.02.2025 ж. №1 Арнайы пәндер циклдық әдістемелік комиссиясы оқытушысы Б.А. Нышанова «Пациент жағдайын клиникалық бағалау» пәнінен 141 ҚБ - 11/24 тобымен «Бүйрек және зәр шығару жүйесінің аурулары бар науқастарды тексеру әдістері. Мейіргер үрдісін ұйымдастыру» тақырыбында сынамалы сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты: студенттерге зәр шығару жүйесі мүшелерінің қызметі бұзылуының клиникалық белгілерімен таныстырып, түсіндіру. Зәр шығару ағзалары ауруларын жалпы қарау және жағдайын бағалау, пальпациясы мен перкуссиясын жүргізуді үйрету. Бүйрек пен зәр шығару мүшелерін зерттеудегі зертханалық және аспаптық зерттеу әдістерін жүргізуді үйрету.



25.02.2025 ж. №2 Жалпы білім беру және жаратылыстану пәндері циклдық әдістемелік комиссия оқытушысы А.Т. Кобегенова «Мейіргер ісі» 103М - 9 / 24 топ студенттерімен «Биология» пәнінен «Хуго Де Фриздің мутация теориясы»

тақырыбы бойынша ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: Хуго Де Фриздің мутация теориясын, мутагенез себептерін, мутация түрлерін ажырату арқылы студенттерге толық ақпарат беру. Студенттердің танымдық, білімдік деңгейін көтеру, ой белсенділігін дамыту, ұжымдаса отырып, мәселелерді бірлесе шешуге, ойын түйіндеуге, шығармашылық ізденіске бағыттау, сөздік қорын, ауызша сөйлеу мәдениетін дамыту, медицинамен байланыстыра отырып, пәнге және өз мамандығына деген қызығушылықтарын арттыру. Сабақ өту барысында, түрлі әдіс-тәсілдер, техникалық құралдар қолданды.